

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

of character of a man, be it positive or negative. Those concepts and how they were realized, perfectly reflects a nation's mentality.

Literature

1. Мұқәддәс. М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі. Алматы, 2007, 29 б.)
2. Қазақ хрестоматиясы екінші басылым, 2003-56.
3. Paroemia.
<http://www.perseus.tufts.edu/hopper/text?doc=Perseus%3Atext%3A1999.03.0082%3Apart%3DTropes%3Asubpart%3DParoemia>
4. <https://en.wikipedia.org/wiki/Onomastics>
5. Порхомовский. Турецкие пословицы в языке и речи. Москва, Языки славянской культуры, 2014. – 176 с.

УДК 81'22

КӨНЕРГЕН ТҮЛҒАЛЫ СОМАТИКАЛЫҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СӨЗДІКТЕРДЕ ТҮЗІЛІСІ ЖӘНЕ АУДАРМАСЫ (жоғарғы бөлік бойынша)

Байқадам Асылзат Наурызбайқызы

asylzat_b@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,

“Аударма ісі” білім бағдарламасының 1-курс докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Қоғамның тарих бойында дамуы барысында тіл жүйесінде біршама өзгерістер орын алып отырады. Әр кезеңде түрлі әлеуметтік жағдайлардың нәтижесінде сөз тіркестері пайда болады. Адамдардың өзара коммуникацияға түсуі мақсатында аталмыш тіркестер өз алдына белгілі номинативтік немесе экспрессивтік қызмет атқаратыны мәлім.

Тілдің лексикалық жүйесіндегі деривацияның әр алуан тәсілдері арқылы жасалатын сөздерге қарағанда тұрақты тіркестер (немесе фразеологизмдер) тілдік жүйедегі еркін сөз тіркестерінің фразеологиялану үрдісі нәтижесінде қалыптасады [1, 111 б.]. Алайда олардың көбісі фразеологиялық қабаттың бір бөлігі ретінде сақталады. Олардың басым көпшілігі халық арасында күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Қазақ тілінде құрамында көнерген сөздер кездесетін соматикалық фразеологизмдер жиі кездеседі. Фразеологиялық бірліктердің бойындағы көнерген элементтердің мағынасына үңіліп, этимологиясын зерттеу, олардың ағылшын тіліндегі баламасын анықтау аталмыш жұмысымыздың негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеу барысында фразеологиялық бірліктердің тіларалық берілуінде лексика-семантикалық ерекшеліктерін талдауға тырысамыз. Бұл ретте Р.Беллдің эквиваленттілік теориясы бойынша толық, жартылай және нөлдік деңгейлерге жіктеп көрсететін боламыз [2, 6 б.].

Көнерген сөздерді зерттеу барысында мынадай түрлері бөліп көрсетіледі: лексикалық (өзге лексикалық бірліктердің әсерінен белсенді қолданыстан толығымен шығып қалған көнерген сөздер), семантикалық (жекелеген мағыналарын жоғалтқан заманауи сөздер), сондай-ақ лексика-сөзжасамдық, лексика-фонетикалық және акцентологиялық. Лексикалық архаизмдер турасында В. В. Виноградов мынадай пікір білдіреді: «В компонентном составе фразеологической единицы выступают в качестве детерминирующих элементов, притягивающих к себе другие, не

содержащие архаизмов. Иначе говоря, устаревшие слова как бы цементируют структуру всего фразеологического оборота» [3, 122 б.].

І. Кеңесбаевтың айтуынша, тілдік норма тұрғысынан алғанда фразеологизмдердің, әсіресе соматикалық компоненті бар тұрақты тіркестердің құрамында бірқыдыру лексикалық, грамматикалық архаизмдер кездесетінін көптеген сөздіктерден аңғаруға болады [4, 603 б.].

Ф. Вакктың пікірінше, соматизм – фразеологизмнің ең көне қабаттарының бірі. Адам өз ерекшеліктеріне сәйкес ежелден бері қоршаған әлемнің объектілерімен, құбылыстарымен тікелей де, жанама да байланыс орнатып, соның нәтижесінде белгілі бір фразеологиялық бірліктердің пайда болуына себепші атанып келеді [5, 6 б.], мысалы: *береген қолым алаған, кезжесі кейін тарту, маңдайға жазылғанын көру, тақымы жарымаған*, т.б.

Құрамында көнерген сөздері бар соматикалық фразеологизмдердің алтай, көне түркі, араб, парсы сынды тілдерден енген элементтер де көптеп кездеседі (*араны ашылу, ішек сілесі қату, құ басын ойлау, шыр жұқпау, ала ауыз болу*, т.б.) [1, 117-122 бб.].

Сөздердің тарих бойында зерттелуінен олардың мағыналық реңкі күңгірттеніп, сөйлеушіге түсініксіз болуы қалыпты жағдай. Тілдегі мұндай құбылыстар барысында және олардың аудармасын талдамас бұрын этимологиялық сөздікке жүгінгеніміз жөн. «Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы – сол сөзді қолданыстан, не мүлдем шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында қолданады: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, күрделі сөздерде ғана келеді» [6, 180 б.]. Құрамында көнерген сөздер кездесетін фразеологизмдерге талдау жасап, олардың аудармада берілуіне қатысты бірер мысал қарастырып көрейік.

Араны ашылу. «Ә. Нұрмағамбетов өзінің «Бес жүз бес сөз» атты кітабында «тойымсыз, ашқарақ» мағыналарында келетін бұл соматикалық фразеологизмде қазіргі қазақ тілінде түсініксіз *аран* сөзінің этимологиясын ашып көрсетеді. Бұл монғол тіліндегі «араа» [7, 12 б.], эхирит-булагат говорында – «араан» сөздері қазақ тіліндегі «азу» (тіс) сөзінің мағынасына сәйкес келеді. Осы жерде алтай тілінің солтүстік диалектісінде «арсыл» сөзінің де «азулы» дегенге саятынын айта кеткен жөн [8, 103 б.]. Егер фразеологизмдегі «аран» сөзін өзімізге түсінікті «азу» сөзімен алмастыратын болсақ, *азуы ашылды* тіркесі шығады. Бұл жерден «азу» сөзінің өзі «аран» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқасы болуы әбден мүмкін (мысалы, *p ~ z* сәйкестігіне орай) [9, 22 б.].

С. Ахметованың қазақша-ағылшынша-орысша фразеологиялық сөздігінде **араны ашылу** соматикалық фразеологизмін тура және балама мағынада екіге бөліп көрсетеді: а) *to be hungry, to have voracious appetite*; б) *to be greedy, to be grasping*. Мұндағы *to be hungry* (аш болу) нұсқасы **араны ашылу** СФ-нің мағынасын толық бермегендіктен, нақты баламасы бола алмайды [10, 68 б.].

Бірнеше сөздіктердегі берілген аударма нұсқаларын ескере отырып, аталмыш фразеологизмге өз нұсқамызды беріп көруді жөн көрдік. Ағылшын тілінен балама ретінде соматикалық сыңары бар тіркесті, яғни *have eyes bigger than one's stomach* (мағынасы: *be greedy/voracious*; аудармасы: *қомағай, ашкөз; ашқарақ*) идиомасын беруге болады. Екі тілдегі нұсқаларын салыстырып қарайтын болсақ, лексикалық тұрғыдан *аран* сөзіне *eyes, stomach* соматикалық сыңарлары жартылай сәйкес келетінін және құрылымдық жағынан да жартылай эквивалент болып тұрғанын аңғарамыз. Демек, бұл тіркестің тіларалық берілуі эквиваленттілік деңгейі бойынша жартылай балама болып табылады [11].

Кежесі кейін тарту. Аталмыш фразеологизм *жалқауланды, еш нәрсе істегісі келмеді* деген мағыналарды білдіреді. Мұндағы *кежесі* көне түркі сөзі: бастың желке жағы, қарағұс, мойын жағын айтады. Ал алтай тілінде *кежесі* сөзі *кедьеге* деп келеді және бұл ерлердің бұрымын білдіреді. Туваш тіліндегі *кежесі* сөзі – бұрым немесе өрілген шаш болса, моңғол тілінде дыбыстық өзгеріске ұшырап *гээг* (мағынасы: *бұрым*) деп қолданылады, ал ұйғырша *гәжгә* – мойын, желке дегенді білдіреді. Демек, *кежесі* сөзі о бастағы бұрым және мойын деген

соматикалық сыңарларының тура мағынасынан «еріну, мойны жар бермеу» деген фразеологиялық мағына жасауға ұйытқы болған [12, 101 б.].

Дәл осы бір *кежеге* сөзінің соматикалық сыңар екенін ескере отырып, эквивалент қарастыруда құрамында дене мүшесінің атауы бар фразеологиялық бірлікпен бергеніміз жөн. Ағылшын тілі сөздіктерінен іздестіру барысында жартылай эквивалент бола алатын *twiddle one's thumbs* (мағынасы: *be bored or idle because one has nothing to do*; аудармасы: *айналысарға ісі жоқтықтан зерігу немесе жалығу*) идиомасын алдық [13]. Мұндағы *thumbs* сыңары *бас бармақ* соматизмін білдіреді. Лексика-сематикалық тұрғысынан эквиваленттілік деңгейі бойынша жартылай балама болады.

Қу басы // қарақан басы. Қазақ тілінде *қу* сөзімен келетін **қу басы // қарақан басы** деген мағыналас соматикалық фразеологизмдер кездеседі. Дегенмен мұндағы *қу* сөзі жеке қолданылмайды және осындағы *бас* сөзінен басқа сөздермен тіркесе де алмайды. Оның жеке бірлік ретіндегі *қу* сөзіне семантикалық жағынан қатысы жоқ. Түркі тілдерінде, дәлірек айтсақ, чуваштарда *ху* формасында «өзі» деген мағынаны, ал тува тілінде *хуу* дыбыстық өзгерісінде «жеке» деген мағынада жекелей қолданыста да, өзге сөздермен тіркесіп те айтылады. Бұдан аталмыш сөздің ерте қазақ тілінде де жиі қолданылып, бірақ кейінгі кезде тек фразеологизм құрамында ғана қарастырылып жүргенін байқаймыз [1, 121 б.].

Ал *қарақан* сөзіне келетін болсақ, қазірдің өзінде осы тұлғаға сәйкес әрі мағынасы да жақын сөзді чуваш тілінен табамыз. Онда «*харак*» сөзі «екінің бірі немесе сыңар», ал «*харахан*» тұлғасы - «сыңар» сияқты мағыналарда көрінеді.

Ертеде түркі тілдеріне ортақ саналған осы сөз қазақ тілінде «*басы*» сияқты тұлғалармен тіркесте сақталып, бізге дейін жеткен [9, 162 б.].

Қу басы // қарақан басы фразеологиялық бірліктерінің ағылшын тіліндегі баламасын қарастыратын болсақ, барынша эквиваленттік деңгейіне сәйкес келетін түрін сөздіктерден іздестіргеніміз жөн. Дегенмен дәл *бас* соматикалық сыңарымен берілген нұсқаларын табу екіталай, себебі бұл тұрақты тіркестің негізі *жалғыз, бір өзі, жеке басы* деген мағыналарға саяды. Сондықтан бұған балама ретінде *on one's own* (немесе ауызекі тілде *on one's tod* слэнгі) идиомасын жартылай эквивалент етіп беруге болады [14].

Қорыта айтатын болсақ, компоненттік анализ әдісін қолдана отырып талданған мысалдарымызда көнерген тұлғалы соматикалық фразеологизмдер сыңарларының мәнін анықтауға тырыстық.

Сондай-ақ, жүргізген талдауымызда фразеологиялық бірліктердің құрамындағы соматикалық сыңарларды ескере отырып, эквиваленттілік деңгейлерге жіктелуін қарастырдық: 1) қазақ тіліндегі СФ-нің ағылшын тіліндегі толық эквиваленттері бар комбинациялар тобы; 2) ішінара (жартылай) эквиваленттері бар комбинациялар тобы; 3) баламасыз комбинациялар анықталды.

Тілдің лексикалық жүйесінің синхронды және диахронды тұрғыда дамуы - қоғамдық және жаһандық өзгерістердің нәтижесі. Әлеуметтік процестер неғұрлым жылдам өзгеріске ұшыраған сайын, тілдік норманың жаңа сөздермен толығуы соғұрлым тезірек жүзеге асады: көнерген және заман талаптарына сәйкес келмейтін сөздер мен сөз тіркестері пассив қабатқа ауысады. Өртүрлі тілдердің әдеби туындылары әлем тілдеріне аударлып, қайта басылады. Сондықтан көнерген сыңарлы фразеологизмдердің мән-мазмұнын жақсы түсіну үшін белгілі бір өзгерістер болуының объективті қажеттілігі бар.

Түйіндей келгенде, соматикалық фразеологизмдердің бойындағы көнерген элементтердің тарихын білу, олардың этимологиясын талдау тілдік санамызды дамытып қана қоймай, ата-бабаларымыздан мирас боп келе жатқан әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер туралы кеңінен білуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұлттық тілдегі соматикалық фразеологизмдердің аударма

сөздіктердегі түзілісін зерделей қарағанда ондағы көнерген сөздердің тіларалық берілу жайы да жаһандану қарқыны дамыған қазіргі кезеңде аса маңызды болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Авакова Р.А. Фразосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 246 б.
2. Bell R. Translation and Translating. Theory and Practice, London/New York: Longman, coll. Applied Linguistic and Language Study, 1991. - 298 p.
3. Виноградов, В. В. Современный русский язык. Грамматическое учение о слове. Вып. 1 / В. В. Виноградов. – М.: Гос. уч. пед. изд-во Наркомпроса РСФСР, 1938. – 155 с.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
5. Вакк Ф. О соматической фразеологии в современном эстонском литературном языке: Автореф. дисс. канд. филол. наук. Таллин, 1964. – 22 с.
6. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 190 б.
7. Базылхан Б. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс). – Өлгей, 1974. – 392 б.
8. Баскаков Н.А. Диалект черневых татар.: Грамматический очерк и словарь. – М.: Наука, 1966. – 173 с.
9. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.
10. Ахметова С. Қазақша-ағылшынша-орысша фразеологиялық сөздік. - Алматы: Мектеп, 2021. – 695 б.
11. Cambridge Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/eyes-are-bigger-than-belly-stomach>
12. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі / ред.колл: А. Ысқақов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев; Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. - Алматы: Ғылым, 1966. - 240 б.
13. Oxford English Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://www.oed.com/search/dictionary/?scope=Entries&q=twiddle+one%27s+thumbs>
14. Collins Dictionary [Электрондық ресурс]. - Кіру режимі: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/on-ones-own>

ӘОЖ 347.78.034

КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Ж. РОУЛИҢГТІҢ «ХЭРРИ ПОТТЕР МЕН ПӘЛСАПА ТАС» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

Бейбітова Айдана Сымбатқызы

aidanabeitovaa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасының 3 курс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.

Тіл білімінде теңеу құрылымдары ерекше орын алады, себебі А.А. Потенбня «таным процесінің өзі – теңеу процесі» деген тұжырым ұсынған [1, 4 б.].

Көркем әдеби стильде теңеу құрылымын бейнелеуге қол жеткізудің кеңінен қолданылатын құралдарының бірі деуге негіз бар. Теңеу – бейнелі сөйлеудің ең қарапайым түрі. Басқа троптармен салыстырғанда, теңеуде салыстырылып отырған нысандардың екеуі де (құбылыстарды, қасиеттерді, әрекеттерді) аталады [2, 11 б.].